

«Өнегелі отбасылар» сайысы

Тақырыбы «Өнегелі отбасылар» сайысы

Мақсаты: Ата-ана мен оқушыларға спорттық ойындарды орындата отырып, спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Адам жанының да, тәнінің де тазаруы, денсаулығының жақсаруы, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Түрі: Эстафеталық ойын.

Өтілетін орны: Мектеп спорт кешені.

Көрнекілігі: Доптар, шар, жалауша, кедергілер, шығыршық, жуа т. б.

Жүргізуші:

Шынықсаң шымыр боласың,
Сауығып айдай толасың.
Спортты серік ете біл,
Жақсы азамат боласың.
Жеңімпаз болу оңайма,
Арман болған талайға
Болмасаң да ұқсап бақ,
Жарысқа түсіп қалайда.

Құрметті ұстаздар, ата-аналар және оқушылар бүгінгі **«Өнегелі отбасылар»** отбасылық сайысымызға хош келдіңіздер! «Білім марафоны» атты бастауыш сыныптар аралығында онкүндікке ата-аналарымыз да ат салыса келіпті.

Жарысқа қатысатындарды шақырамыз

Әр таңды бақытпенен атырамыз

Өнерді ой көгінде бақылаңыз,

Сайысқа қатысуға енді ортаға **Мажитовлар** отбасын шақырамыз.

Ойнайық, та ойлайық!

Күшімізді көрсетейік, сынайық!

Жеңсең де, жеңбесең де ренішсіз болайық,

Қаймықпайық, көңілді болып тарайық деп ортаға **Ибрагимовтар** отбасын шақырамыз.

Денсаулық басты байлық өмірдегі

Нәр беретін асыл ғой көңілдегі.

Салауатты өмір салтын насихаттап,

Атанайық жақсы азамат өңірдегі дей

келе **Атаевтар** отбасын шақырамыз.

Спорт біздің досымыз,

Күш қайратын сынға алған.

Спорта біздің досымыз,

Бала кезден шындалған деп **Кенжаевтар** отбасын ортаған шақырамыз. **Жүргізуші:** Тәлімді тәрбие отбасынан бастау алса, дені сау ұрпақ – ұлт болашағы болмақ. Әр отбасында ата-ана – шаңырақтың негізгі іргетасы болып есептелінеді. Сондықтан, бала өмірінде салауатты өмір салтын қалыптастыруда әке мен ананың рөлі орасан зор.

Ал, құрметті халайық!

Жарысты енді көріңдер

Әділ қазы алқасы

Әділ баға беріңдер! Сайысты бастамас бұрын,

сайысымызға әділ баға беретін әділқазылар алқасымен таныстырайық.

1. Мектеп директоры: Абенов Рахматулла

2. Тәрбие ісінің меңгерушісі: Мамитов Ахат

3. Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі: Ибрагимов Султанмурат

Спорттық сайысымыз 5 балдық жүйемен бағаланады.

Сайыстың бағдарламасы:

1. «Желаяқтар» (кедергілер арасымен жүгіріп, мәреге жеткенде келесі ойыншының қолын соғу керек)

2. Егін егу, егін жинау (жуаны ата-анасы егіп кетеді, балалары жинайды)

3. Қапшықпен секіру (қапшықты киіп секіру, қайтарда жүгіріп келеміз)

4. Матрастан айналу (жүгіріп, матрастың үстінен айналу, қайтарда тағы айналып келу)

5. Скалкамен секіру (әр топтан бір қатысушы шығып секіреді)

6. Паравоз ойыны (бәрі бірге жүгіріп, қайтып келеді)

7. Допты шеңберге салу.

8. Шар урлеу

9. Арқан тарту

Әр кезеңнен кейін әділқазылар өз бағаларын береді.

Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәт сапар!

Сайысымызды бастаймыз.

«Мажитовтар» тобын ортаға шақырамыз

Топтың ұраны:

Бәріміз біріміз үшін!

Біріміз бәріміз үшін.

«Ибрагимовтар» тобын ортаға шақырамыз

Топтың ұраны:

Біз әрқашанда мықты

Бәрін жеңіп шықты

«Атаевтар» тобын ортаға шақырамыз

Топтың ұраны:

Шынықсаң шымыр боласың,

Толысып айдай толасың.

«Кенжаевтар» тобын ортаға шақырамыз

Топтың ұраны:

Біз шымыр сергек денеміз, өнер сүйер өренбіз.

Жүргізуші:

Жарыс заңы ежелден -
Жеңімпазды анықтау
Жеңімпаз болу шарты сол -
Еңбектену, жалықпау
Біреу озса сайыста,
Біреу артта қалады
Жеңілгендер ренжімей
Тараса бізге жарады
Демекші сайысымыздың шарттары бойынша қорытынды шығарып
жеңімпаздарды анықтап, марапаттау сөз әділқазыларға беріледі.
Өнерсіздік зор айып,
Ән мен биге басайық.
Арасында тағы бір,
Би мен шашу шашайық

Би: 5«Б»-сынып оқушылары

(Әділқазылардың ұпайларын тыңдау)

I орын _____

II орын _____

III орын _____

Алғыс хат отбасы _____

Жүргізуші:

Уа, халқым назар аудар денсаулыққа!
Өмірде бақыттысың денің сау да.
Денсаулық терең бақыт деген сөзді
Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да демекші
Құрметті қонақтар! Келгендеріңізге көп-көп рахмет.